№7-8 (475-476)
31 тамыз
2022 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

# Қош келдіңіздер!



Биыл Zhubanov University өңірлік университетін 3421 жас таңдады. Оның 1230-ы мемлекеттік білім гранты иегерлері, 44-і жергілікті атқару органының грант иегерлері. Оқуға түскендердің 193-і «Алтын белгімен», 251-і үздік аттестатпен мектеп бітірушілер.

Сонымен қатар "Қазақстан халқына" әлеуметтік қорының университетке бөлінген 19 грантының иегерлері.

Біз үшін қуаныштысы Мемлекеттік білім гранты конкурсына бізде құжат тапсырған 3502 талапкердің 2056-ының Zhubanov University өңірлік университетін бірінші таңдауы ретінде көрсеткені.

Бұл рекордтық көрсеткіш — ұжымымыз үшін үлкен жетістік. Себебі университеттегі өзгерістер, ең алдымен, студенттердің сапалы білім алуына бағытталған. БІЗГЕ сенім білдіріп, БІЗДІ таңдаған талапкерлерге қош келдіңіздер дейміз.

Заманауи университеттің білім сапасына әсер ететін аса маңызды факторлардың бірі — әрбір студенттің білім алуы мен тұлғалық қалыптасуына жеке көңіл бөле алу. Бұл студенттер мен оқытушылар құрамының арақатынасы (student-faculty ratio) ұғымымен немесе бір оқытушыға келетін студент санымен сипатталады.

Бұл саладағы үздік көрсеткіштерге тоқталсақ, Калифорния технологиялық институты (California Institute of Technology) — 3, Стэнфорд университеті (Leland Stanford Junior University) — 5, Назарбаев университетінде (Nazarbayev University) — 12,2.

Біздің университет саннан сапаға өтуге, яғни, оқытушы мен студент санын сәйкестендіруге бағыт алды.

Ең алдымен, қабылданатын студент санынан гөрі сапасын арттыруға (мемлекеттік грант иегерлері санын арттыру) мән береміз.

Биылдан бастап қашықтан білім алу форматына қабылдауды мүлдем тоқтаттық.

Сонымен қатар, сапасыз шетелдік оқу орнына түсіп, қысқы семестрде бізге ауысып келетін студенттерді қабылдамайтын болдық. Себеп — өңір үшін сапалы мамандарды даярлаймыз және барлық студентке ортақ әрі әділ талаптарды қамтамасыз етеміз.

**Лаура Қарабасова**
**Zhubanov University Басқарма Төрағасы-Ректор**

## Осы санда



4-5-стр

В НОВОМ УЧЕБНЫМ ГОДУ МЫ ПРОДОЛЖАЕМ ПОЛИТИКУ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ



7-б

ЕҢ ҒАЖАП ДЕМАЛЫС

4 ТІЛДЕ ЕРКІН СӨЙЛЕЙМІН



15-б

# ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## САЯХАТШЫ ҚАРТ АҚТӨБЕДЕН ӨТТІ

Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының қызметкері, еңбек ардагері Қотырашов Сәрсенбай Оспанұлының жасы 72-де.

"Мен бұл марафонға жеті жыл бойы дайындалдым. Менің мақсатым — қолөнер шеберлерімен кездесіп, халықты Ұлытау тарихымен таныстыру. Соның ішінде "Көкмайса" фестивалін насихаттау да бар. Мен Қазақстанның барлық өңірлерін айналып өтуді жоспарлап отырмын. Қызылорда, Түркістан, Шымкенттен бастаймын. Әрі қарай Тараз, Алматы, Талдықорған қалаларына жол тартамын. Қазақстанның үздік қолөнершілерінің тізімін жасағым келеді.

Менің бүкіл бағытым әлеуметтік желілерде жарияланады, — деген болатын саяхатшы сапарының басында. Сәрсенбай Оспанұлы еліміздің 17 облысын жаяу жүріп өтпек мақсатта. Марафоншының жолын Ұлытау — Қызылорда — Түркістан — Шымкент — Тараз — Алматы — Талдықорған — Аякөз — Семей — Павлодар — Нұр-сұлтан — Көкшетау — Петропавл — Қостанай — Ақтөбе — Орал — Атырау — Бейнеу — Ақтау бағыттары қамтиды.

Ерте көктемде басталған саяхатшы сапары қорытындылануға таяу. Ол тамыз айында Ақтөбе өңірі аумағынан өтті.

Қарт саяхатшымен жергілікті тұрғындар тілдесіп қалды. Оларға Сәрсенбай Қотырашов жүріп өткен жолының нәтижелері сапар аяқталғасын баспасөз беттерінде жарияланатынын айтты. "Жалпы осы сапарға шығудағы мақсатым үшеу еді, біріншіден, жолай кездескен адамдарға Ұлытау өңірі, оның тарихы туралы айту. Екіншіден, бүкіл Қазақстан бойынша қолөнершілер тізімін жинау, Егер 1000-нан астам қолөнершілерді жинасам, ЮНЕСКО оларға сайт ашады, олардың көмегімен біз шетелдегі Дүниежүзілік көрмелерге қатыса аламыз! Ал үшінші мақсат — қазақтың ұмытылып бара жатқан ұлттық мейрамдарын жаңғырту», — деді ақсақал ақтөбеліктермен жолығу сәтінде. Марафоншы Ақтөбеден кейін Орал мен Атырауға бағыт алды. Сапары киелі Маңғыстауда, Ақтау қаласында аяқталмақ.




## ПОЖИЛОЙ ПУТЕШЕСТВЕННИК ПЕШКОМ ДОШЕЛ ДО АКТОБЕ

Сотруднику Национального историко-культурного и природного музея-заповедника Улытау, ветерану труда Котырашову Сарсенбай Оспановичу 72 года.

"Я готовился к этому марафону в течение семи лет. Моя цель-встретиться с мастерами прикладного искусства и познакомить народ с историей Улытау. В том числе пропагандировать фестиваль "Кокмайса". Я планирую обойти все регионы Казахстана. Начну с Кызылорды, Туркестана, Шымкента. Далее в Тараз, Алматы, Талдыкорган. Хочу составить список лучших ремесленников Казахстана. Весь мой маршрут будет опубликован в социальных сетях", - сказал путешественник в начале своего марафона.

Сарсенбай Оспанович запланировал пройти 17 областей страны пешком. Путь марафонца охватывает маршруты Улытау – Кызылорда – Туркестан – Шымкент – Тараз – Алматы – Талдыкорган – Аягоз – Семей – Павлодар – Нур-Султан – Кокшетау – Петропавловск – Костанай – Актобе – Уральск – Атырау – Бейнеу – Актау.

Марафон путешественника, который начался ранней весной, уже близится к завершению.

Актюбинцы пообщались с пожилым путешественником. Сарсенбай Котырашов рассказал, что результаты пройденного им пути будут опубликованы в прессе после завершения пешего путешествия. "В целом у меня было три цели. Во-первых, рассказать людям, с которыми я сталкивался, о регионе Улытау, его истории. Во-вторых, составить список ремесленников по всему Казахстану. Если я соберу более 1000 ремесленников, ЮНЕСКО откроет для них сайт, с помощью которого мы сможем участвовать во Всемирных выставках за рубежом! А третья цель-возрождение забытых казахских национальных праздников", - сказал аксакал в ходе встречи с актюбинцами. После Актобе он отправился в Уральск и Атырау. Завершится марафон в городе Актау Мангистауской области.

## AN ELDERLY TRAVELER PASSED THROUGH AKTOBE

An employee of the National Historical, Cultural and Natural Museum-Reserve of Ulytau, labor veteran Kotirashov Sarsenbai Ospanuly is 72 years old. "I have been preparing for this marathon for seven years. My goal is to meet with masters of applied art and acquaint people with the history of Ulytau. Including promoting the "Kokmaisa" festival. I plan to visit all regions of Kazakhstan. I will start with Kyzylorda, Turkestan, Shymkent. Then to Taraz, Almaty, Taldykorgan. I want to make a list of the best artisans of Kazakhstan. My entire route will be published on social networks," - the traveler said at the beginning of his marathon.

Sarsenbay Ospanuly planned to walk through 17 regions of the country. The path of the marathon runner covers the routes of Ulytau - Kyzylorda - Turkestan - Shymkent - Taraz - Almaty - Taldykorgan - Ayagoz - Semey - Pavlodar - Nur-Sultan - Kokshetau - Petropavlovsk - Kostanay - Aktobe - Uralsk - Atyrau - Beineu - Aktau.

The traveler's marathon, which began in early spring, is already nearing completion.

Aktobe residents talked with an elderly traveler. Sarsenbay Kotrashev said that the results of his journey will be published in the press after the end of the walking trip. "In general, I had three goals in this. Firstly, to tell the people I encountered about the Ulytau region, its history. Secondly, to compile a list of artisans throughout Kazakhstan. If I gather more than 1000 artisans, UNESCO will open a site for them, with the help of which we will be able to participate in World exhibitions abroad! And the third goal is the revival of forgotten Kazakh national holidays," - the elder said during a meeting with Aktobe residents. After Aktobe, he went to Uralsk and Atyrau. The marathon will end in the city of Aktau, Mangistau region.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ОРТА АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ҮЛКЕН МЕШІТ

Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласында Орта Азиядағы ең үлкен жаңа мешіт ашылды.

Жаңа мешіт Қабанбай батыр даңғылы мен Мәңгілік Ел даңғылы арасындағы аумақта, Хусейн мен Талал көшесі маңында орналасқан.

Мешіттің көк түсті бас күмбезінің биіктігі — 83,2 метрге жуық, диаметрі 62 метр болады. Құрылымы бойынша күмбез әлемдегі ең үлкен күмбез болып саналады.

Мешіттің төрт мұнарасының биіктігі — 130 метр. Мешітке келушілер мешіт көрінісін лифтпен көтеріліп тамашалай алады.

Мешіттің кіреберіс есігі де әлемдегі ең биік ағаш есіктердің бірі санатында. Ол тропикалық Африкада өсетін ироко қатты ағашынан қолмен жасалған. Оның биіктігі 12,4 метр, салмағы бір жарым тонна. Есіктері қазақы өрнектермен безендірілген.

Мешіттің ішкі есіктерінің биіктігі 12 метр,

Құбыла жақтағы мозаика қабырғада Алланың 99 есімі қашалған. Қабырғаның ұзындығы 100 метр, биіктігі 22,4 метр. Мозаика түрлі-түсті 25 миллион әйнектен құралған.

Мешітте жайылған кілемнің жалпы ауданы 15 525 шаршы метр — бұл әлемдегі қолдан жасалған ең үлкен кілем болып есептелінеді. Кілемнің қалыңдығы 15 миллиметр. Ол Жаңа Зеландияда 100 пайыз жүннен тоқылған.

Мешіттің жалпы ауданы 57 мың шаршы метр. Мешіт орналасқан жер телімінің ауданы — 10 гектар. Ғимараттың айналасын үлкен саябақ қоршап тұр.

Мешіттің ашылу салтанатына Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, ҚР премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов, бұрынғы премьер-министр Асқар Мамин, Жамбыл облысының экс-әкімі Бердібек Сапарбаев, Алматы облысының бұрынғы әкімі Амандық Баталов, экс-депутат Қуаныш Сұлтанов, BI-Group холдингі басшысы Айдын Рахымбаев және басқа да танымал тұлғалар қатысты.

Жаңа мешіт тек діни ғана емес, туристік нысан ретінде жоғары бағалануда.

## САМАЯ БОЛЬШАЯ МЕЧЕТЬ В СРЕДНЕЙ АЗИИ

В столице Казахстана Нур-Султане открылась самая большая мечеть в Центральной Азии.

Новая мечеть расположена на территории между проспектом Кабанбай батыра и Мәңгілік Ел, близ улицы Хусейн бен Талал.

Высота главного купола мечети, выполненного в небесно-голубом цвете, составляет почти 83,2 метра, а диаметр - 62 метра. Купол считается самым большим в мире.

Высота четырех минаретов мечети составляет 130 метров. Посетители мечети могут насладиться видом, поднявшись на лифте.



Входная дверь мечети считается одной из самых высоких деревянных дверей в мире. Она изготовлена вручную из твердой древесины ироко, произрастающей в тропической Африке. Ее высота - 12,4 метра, вес - полторы тонны. Двери украшены казахскими узорами. Высота межкомнатных дверей мечети 12 метров. На мозаичной стене со стороны киблы высечены 99 имен Аллаха. Длина стены 100 метров, высота 22,4 метра. Мозайка состоит из 25 миллионов стекол разных цветов.

Общая площадь ковра, выстланного в мечети, составляет 15 525 квадратных метров - это самый большой ковер ручной работы в мире. Толщина ковра 15 миллиметров. Он соткан из 100-процентной шерсти в Новой Зеландии.

Общая площадь мечети составляет 57 тысяч квадратных метров. Площадь земельного участка, на котором расположена мечеть - 10 гектаров. Вокруг здания развернули большой парк.

В торжественной церемонии открытия мечети присутствовал Первый Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев. В мероприятие приняли участие заместитель премьер-министра РК Ералы Тугжанов, экс-премьер-министр Аскар Мамин, экс-аким Жамбылской области Бердибек Сапарбаев, экс-аким Алматинской области Амандык Баталов, экс-депутат Куаныш Султанов, руководитель холдинга BI-Group Айдын Рахимбаев и другие известные личности.

Новая мечеть высоко ценится не только как религиозный, но и туристический объект.

## THE LARGEST MOSQUE IN CENTRAL ASIA

The largest mosque in Central Asia has opened in Nur-Sultan, the capital of Kazakhstan. The new mosque is located on the territory between Kabanbai Batyr Avenue and Mangilik El, near Hussein bin Talal Street. The height of the main dome of the mosque, made in sky blue color, is almost 83.2 meters, and the diameter is 62 meters. The dome is considered the largest in the world.

The height of the four minarets of the mosque is 130 meters. Visitors to the mosque can enjoy the view from the elevator.

The entrance door of the mosque is considered one of the tallest wooden doors in the world. It is handcrafted from iroko hardwood, native to tropical Africa. Its height is 12.4 meters, weight is one and a half tons. The doors are decorated with Kazakh patterns. The height of the interior doors of the mosque is 12 meters.

99 names of Allah are carved on the mosaic wall from the side of the qibla. The length of the wall is 100 meters, the height is 22.4 meters. The mosaic consists of 25 million glasses of different colors.

The total area of the carpet covered in the mosque is 15,525 square meters - it is the largest handmade carpet in the world. The thickness of the carpet is 15 millimeters. It is woven from 100% wool in New Zealand. The total area of the mosque is 57 thousand square meters. The land area on which the mosque is located is 10 hectares. There is a large park around the building. The opening ceremony of the mosque was attended by the First President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev. The event was attended by Deputy Prime Minister of the Republic of Kazakhstan Yeraly Tugzhanov, ex-Prime Minister Askar Mamin, ex-mayor of the Zhambyl region Berdibek Saparbayev, ex-mayor of the Almaty region Amandyk Batalov, ex-deputy Kuanysh Sultanov, head of the BI-Group holding Aidyn Rakhimbaev and others famous personalities.

The new mosque is highly valued not only as a religious, but also a tourist site.

☑ New academic year

ZHUBANOV UNIVERSITY ГОТОВ К ВСТРЕЧЕ НОВОГО 2022-2023 УЧЕБНОГО ГОДА. УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС ОТРАБОТАН, СТУДЕНТЫ РАЗМЕЩАЮТСЯ В ОБЩЕЖИТИЯ.

СТАРТУЕТ ОЗНАКОМИТЕЛЬНАЯ НЕДЕЛЯ ДЛЯ СТУДЕНТОВ ПЕРВОГО КУРСА.

ВСЕ ИЗМЕНЕНИЯ В НОВОМ УЧЕБНОМ ГОДУ НАПРАВЛЕНЫ НА ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ. ОТРАДНО, ЧТО В ЭТОМ ГОДУ ZHUBANOV UNIVERSITY ВЫБРАЛИ 1309 ОБЛАДАТЕЛЕЙ РАЗЛИЧНЫХ ГРАНТОВ. ИЗ НИХ 879 ЗАЧИСЛЕНЫ ПО ГОСУДАРСТВЕННЫМ ГРАНТАМ, 271 – ПО ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КВОТЕ, 93 АБИТУРИЕНТА ЗАЧИСЛЕНЫ ПО ЛЬГОТЕ. ЭТО НА 263 ПРЕТЕНДЕНТА БОЛЬШЕ, ЧЕМ В ПРОШЛОМ ГОДУ. КРОМЕ ТОГО, ВЫДЕЛЕНО 35 ГРАНТОВ ОТ МЕСТНОГО ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО ОРГАНА И 19 ГРАНТОВ ОТ СОЦИАЛЬНОГО ФОНДА «НАРОДУ КАЗАХСТАНА». БОЛЕЕ ПОДРОБНО В ИНТЕРВЬЮ ЧЛЕНА ПРАВЛЕНИЯ, ПРОРЕКТОРА ПО АКАДЕМИЧЕСКИМ ВОПРОСАМ ZHUBANOV UNIVERSITY, КАНДИДАТА ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИХ НАУК, АССОЦИИРОВАННОГО ПРОФЕССОРА ЛЮДМИЛЫ МЯСНИКОВОЙ.

БЕСЕДОВАЛА ГУЛЬНАРА КАРАША.



## Людмила МЯСНИКОВА:

# В НОВОМ УЧЕБНЫМ ГОДУ МЫ ПРОДОЛЖАЕМ ПОЛИТИКУ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

**— Совсем скоро начнётся новый учебный год. Учитывая, что вы в образовании уже 14 лет, для вас 1 сентября - обычный день? Или в ожидании этого дня испытываете особенные чувства?**

— 1 сентября – это всегда не обычный день. Это день новых знаний и идей! В текущем году я встречаю этот день в новом для себя статусе – первый раз как проректор по академическим вопросам. Это большая ответственность за судьбы молодых людей, доверивших свое образование нашему университету. Перед началом учебного года всегда вспоминаются мои ощущения первокурсницы и слова ректора моей альма-матер, Западно-Казахстанского университета им. М.Утемисова, Туякбай Зеитовича Рысбекова: «Можно привести коня к водопою, но нельзя заставить пить». Это полностью отражает процесс обучения в университете – мы предоставляем все возможности, но только от студента зависит как он ими воспользуется.

**— Система управления и организации учебного процесса, по моему мнению, самая главная часть деятельности вуза. Введены ли дополнения и изменения в систему на предстоящий 2022-2023 учебный год?**

— В новом учебном году мы продолжаем политику повышения качества образования, для этого все образовательные программы были скоординированы с потенциальными работодателями, выпускниками и студентами. Летом 2022 года были внесены дополнения и изменения в государственный общеобязательный стандарт высшего и послевузовского образования, в котором была расширена академическая самостоятельность вузов. Например, самостоятельное изменение вузами содержания дисциплин цикла ООД (кроме «Истории Казахстана» и «Философии»); расширение формата итоговой аттестации с учетом новых трендов и направлений подготовки кадров; самостоятельное определение процентного соотношения дисциплин, преподаваемых в рамках трехъязычного образования; привлечение практиков и топ-менеджеров к руководству дипломными работами и проектами студентов и профильной магистратуры; признание результатов обучения микроквалификаций, нано-кредитов и наращиваемых степеней.

**— Повышение качества образования обеспечивается развитием академической мобильности обучающихся. Какие конкретные шаги предпринимаются в этом направлении?**

— Существует два вида академической мобильности – внутренняя (внутри страны) и внешняя (в другие страны). Проходить обучение в рамках академической мобильности могут студенты 2-3 курсов. Для участия во внешней академической мобильности департаментом международного сотрудничества совместно с деканами факультетов проводится конкурсный отбор студентов. Студенты показавшие наилучшие результаты обучения GPA и дополнительные квалификации получают возможность обучаться в вузах стран как ближнего, так и дальнего зарубежья. В прошедшем учебном году университет значительно расширил список вузов-партнеров.

**— Получить востребованную, высокооплачиваемую профессию и успешно трудоустроиться, пожалуй, цель каждого молодого человека. Отчего это зависит? Что надо делать молодежи, чтобы их жизненный путь складывался, как они планировали?**

— Согласна, что каждый молодой человек мечтает сразу найти высокооплачиваемую работу. Однако необходимо получить профессию наиболее близкую к вашему духовному состоянию. Именно ту специальность, работать по которой вы сможете каждый день. Только получая удовлетворение от своей работы, человек может совершенствоваться как профессионали, следовательно, повышать свою конкурентоспособность. Жизнь не стоит на месте и буквально каждые 5 лет меняются приоритетные направления подготовки кадров. Если несколько лет тому назад многие мечтали быть юристами и экономистами, то в текущем году наибольшее количество заявок было принято на инженерные и педагогические специальности. Добавлю, что с текущего учебного года наш университет вошел в пилотный проект по интегральному GPA. Цель – формирование личности с высшим образованием, участвующей в создании экономики, основанной на знаниях, ориентированных на исследованиях, и с высокой социальной ответственностью перед обществом. Другими словами, мы хотим не только обучать студента новым знаниям, но и сформировать у него исследовательские навыки и компетенции, приобретаемых им в процессе исследовательской и проектной деятельности, а также приобщить к общественной, социальной и спортивной деятельности; т.е. помочь студенту стать разносторонне развитой личностью.

**— Как смогли бы изобразить сегодняшний портрет студента Zhubanov University? Назовите их сильные академические достоинства. И слабые стороны, если есть?**

— Студент Zhubanov University – это патриот своей страны, владеющий как минимум тремя языками, проявивший себя в академической, научной и общественной деятельности. Позволю себе процитировать нашего ректора Лауру Чапаевну Карабасову: «Диплом Zhubanov University нельзя купить, его надо заслужить своим трудом». Сильнейшим академическим достоинством назову – академическую честность как перед собой, так и перед своим окружением. Полученные знания в нашем университете позволяют достигать высот в карьере.

Это видно по нашим выпускникам: Ерлан Карин, Ондасын Уразалин, Лаура Карабасова, Индира Едильбаева, Канат и Света Айтбаевы, Нурболат Абдуллин и многие другие.

**— Вернемся к вопросам вашей деятельности. Как часто проводится диагностика учебного процесса и анализ качества подготовки специалистов?**

— Диагностику учебного процесса мы проводим на постоянной основе. Для этого созданы акаде-

мические комитеты по каждой образовательной программе. В состав комитетов входят преподаватели вуза, работодатели, выпускники и сами студенты. В апреле университет вошел в Лигу академической честности (всего 16 вузов по своей стране). С текущего года мы усиленно работаем по стандартам указанной Лиги, анализ подготовки кадров проводится не только вертикально, но и горизонтально. Постоянно на связи с работодателями в период прохождения студентами профессиональных практик. Обратная связь от них очень важна для нас!

**— Ваше собственное отношение к рейтингам вузов. Участие в различных рейтингах - мировых, отраслевых, предметных, это цель для вузов, или можно без них создать высокий статус университета, повысить узнаваемость и доверие людей?**

— Так уж сложилось в нашем обществе, что многие очень внимательно относятся к различным рейтингам. Поэтому быть в топе определенных рейтингов – это демонстрация потенциала университета. Участие в рейтингах показывает основные тренды и направления современности – в каких направлениях должен развиваться университет. В то же время повысить узнаваемость университета можно качественным обучением студентов. Высококвалифицированные выпускники будут лучшей рекламой среди населения. Доверие людей сможем заслужить, повышая академическую честность внутри вуза, и прививая всему обществу, что только самостоятельно полученное качественное обучение позволит стать конкурентоспособным специалистом. И именно такой специалист не будет искать работу, работа сама его найдет.



МЯСНИКОВА
ЛЮДМИЛА НИКОЛАЕВНА

В 2003 году с отличием окончила Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова по специальности «Математика и физика», в 2005 году – магистратуру по специальности «Физика» Актюбинского государственного университета им. К.Жубанова, в 2007 году – аспирантуру Актюбинского государственного педагогического института по специальности «01.04.07 – Физика конденсированного состояния». В 2010 году защитила диссертацию на тему «Люминесценция и экситон-фононное взаимодействие в кристаллах KI, RbI, NaBr и KBr при низкотемпературной одноосной упругой деформации» на соискание ученой степени кандидата физико-математических наук в диссертационном совете при Национальном ядерном центре РК. В апреле 2018 года было присвоено ученое звание – ассоциированный профессор (доцент) по специальности «Физика». В 2018 году была удостоена звания «Лучший преподаватель вуза».

Трудовую деятельность начала в 2008 году в качестве преподавателя кафедры физики Актюбинского государственного педагогического института. Далее работала заведующей кафедрой физики, деканом физико-математического факультета, директором научного центра «Радиационная физика материалов».

Мясникова Людмила Николаевна является автором 1 монографии, 3 учебных пособий, 12 патентов, а также 26 публикаций в рецензируемых научных изданиях, включенных в базу Web of Science и Scopus. Цитируемость по индексу Хирша по базе Scopus составляет h=6.

С сентября 2020 года возглавляла департамент науки и инноваций Zhubanov University.

В июне 2022 года назначена проректором по академическим вопросам университета.

# ☑ Main news

## BAQYTTY BALA-2022

Ақтөбеде 9-14 тамыз күндері «Baqytty Bala-2022» халықаралық ашық балалар вокалдық фестиваль-байқауы өтті. Оған 8 елден келген 21 бала әнші қатысты. Нәтижесінде жүлделі І орынды (700 мың теңге) — ақтөбелік Жанерке Әбдірахманова және Ресейдің Барнауыл қаласынан келген Ульяна Зарва иеленді.

Жанерке 13 жаста, ол музыка мектебінде білім алады.

Ульянаның жасы 15-те. Ол осыған дейін бірнеше конкурс жеңімпазы. Қазір ол Новосибирскідегі Игорь Крутойдың Академиясында оқиды.

ІІ орын жүлдесіне (500 мың теңге)Милан Пак (Өзбекстан) пен Мелани Гарсье (Испания) лайық деп тағылды.

ІІІ орынды (250 мың теңге) Аяулым Сабыр (Ақтөбе), Юлия Макс (Алматы), Елен Бадалян (Армения), Ялки Сака (Түркия) алды.

Қалған қатысушыларға арнайы сыйлықтар берілді.

## BAQYTTY BALA-2022

С 9 по 14 августа в Актобе проходил международный открытый детский вокальный фестиваль-конкурс «Baqytty Bala-2022». В нем приняли участие более 20 юных вокалистов из 8 стран мира.




По итогам конкурса I место (700 тысяч тенге) завоевали Жанерке Абдирахманова из Актобе и Ульяна Зарва из российского Барнаула.

Жанерке 13 лет, она учится в музыкальной школе. Ульяне 15 лет. Девочка уже выиграла несколько конкурсов. Сейчас учится в Академии Игоря Крутого в Новосибирске.

Милан Пак (Узбекистан) и Мелани Гарсия (Испания) были удостоены II места (500 тысяч тенге).

III место (250 тысяч тенге) присудили Аяулым Сабыр (Актобе), Юлии Макс (Алматы), Элен Бадалян (Армения), Ялки Сака (Турция).

Другим участникам были вручены специальные подарки.

## BAQYTTY BALA-2022

From 9 to 14 August, the international open children's vocal festival-competition "Baqytty bala-2022" was held in Aktobe. More than 20 young vocalists from 8 countries of the world took part in it.

According to the results of the competition, I place (700 000 tenge) was won by Zhanerke Abdirakhmanova from Aktobe and Uliana Zarva from Barnaul, Russia.

Zhanerka is 13 years old, she studies at a music school. Ulyana is 15 years old. The girl has already won several competitions. Currently studying at the Igor Krutoy Academy in Novosibirsk.

Milan Pak (Uzbekistan) and Melanie Garcia (Spain) were awarded II place (500 000 tenge).

III place (250 000 tenge) was awarded to Ayaulym Sabyr (Aktobe), Yulia Max (Almaty), Helen Badalyan (Armenia), Yalki Saka (Turkey).

Other participants were given special gifts.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ІРІ МҰНАЙ ӨНДІРУШІ КОМПАНИЯ ЖЕРГІЛІКТІ КАДР ДАЯРЛАУҒА БЕЛСЕНДІ АРАЛАСПАҚ

Өңірдегі ірі мұнай өндіруші «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» трансұлттық корпорациясының бас директоры Ли Шуфэн (Li Shufeng) мырза құрамында бірінші орынбасары, компанияның "Ғылыми-зерттеу орталығының", "Еңбек ресурстары", "Дайындық бөлімі" және "Жұртшылықпен байланыс департаментінің" басшылары бар делегациямен келіп, Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетімен танысты.



Бұл жөнінде университет ректоры Лаура Қарабасова әлемжелідегі парақшасында былай деп пікір қалдырды. "Бұл – біз үшін үлкен жетістік әрі бір жыл бойы жүргізілген келіссөздердің нәтижесі. Облыс басшысы Оңдасын Оразалиннің тікелей қолдауымен Ақтөбедегі ірі кәсіпорындардың барлығымен дерлік байланысты нығайттық әрі нақты шешімдерге қол жеткіздік.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» басшылығын университеттің "Мұнай-газ ісі" білім бағдарламасы бойынша оқыту процесін, практикалық базаны, "Мұнай және газ өндіру бойынша оқу полигонын", "Мұнай-кен орындарын игеру орталығын" және Инновациялар паркіндегі "Өнеркәсіп қалдықтарын утилизациялау тәсілдерін зерттеу лабораториясын" және т.б. нысандармен таныстырдық.

Осыған дейін, компаниямен биыл көктемде өткен алғашқы кездесу нәтижесінде 25 студентті «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» базасында өндірістік практикадан өткізуге және мамандық бойынша оқу бағдарламасын бірігіп әзірлеуге қол жеткізген едік.

Бүгінгі кездесуде кадр даярлау бойынша аса маңызды мәселелерді талқыладық. Атап айтсам, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ базасында арнайы цифрлық шешімдер арқылы дуалды білім беруді ұйымдастыру, «Мұнай-газ ісі» кафедрасында «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ кабинетін ашу және компьютерлік техникамен жабдықтау, геологиялық деректерді өңдеу және интерпретациялау бағдарламаларын алу, ғылыми және гранттық жобаларға бірлесіп қатысу, материалдық-техникалық базаны жабдықтау және бірлескен split Ph.D. бағдарламасы арқылы кадрлық потенциалды нығайту.

Осы бастамаларды жүзеге асыру үшін нақты іс-қимылдар көрсетілген жол картасын әзірлеп, ынтымақтастықтың келесі кезеңіне өттік", — деді Лаура Қарабасова.

Кездесуге Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханов қатысты.

Осылайша өңірдегі ірі мұнай өндіруші компания жергілікті кадр даярлауға белсенді араласпақ ниетте.

## КРУПНАЯ НЕФТЕДОБЫВАЮЩАЯ КОМПАНИЯ БУДЕТ АКТИВНО УЧАСТВОВАТЬ В ПОДГОТОВКЕ МЕСТНЫХ КАДРОВ

Генеральный директор крупнейшей в регионе нефтедобывающей транснациональной корпорации "СНПС-Актобемунайгаз" Ли Шуфэн (Li Shufeng) с делегацией в составе первого заместителя, руководителей "Научно-исследовательского центра", "Трудовых ресурсов", "Подготовительного отдела" и "Департамента по связям с общественностью" компании ознакомились с Актюбинским региональным университетом Zhubanov University. Об этом рассказала ректор университета Лаура Карабасова на своей странице в соцсети.

"Это большое достижение для нас и результат переговоров, которые велись в течение года. При непосредственной поддержке главы области Ондасына Оразалина мы укрепили связи практически со всеми крупными предприятиями Актобе и добились конкретных решений. Ознакомили руководство "СНПС-Актобемунайгаз" с процессом обучения по образовательной программе университета "Нефтегазовое дело", практической базой, "Учебным полигоном по добыче нефти и газа", "Центром разработки нефтяных месторождений" и "Лабораторией по изучению способов утилизации промышленных отходов" Парка инноваций и др.

Ранее, в результате первой встречи с компанией весной этого года, 25 студентов успешно прошли производственную практику на базе "СНПС-Актобемунайгаз", были совместно разработаны программы обучения по специальности.

На сегодняшней встрече мы обсудили важнейшие вопросы по подготовке кадров. В частности, организация дуального образования посредством специальных цифровых решений на базе АО "СНПС-Актобемунайгаз", открытие и оснащение компьютерной техникой кабинета АО "СНПС-Актобемунайгаз" на кафедре "Нефтегазовое дело", получение программ обработки и интерпретации геологических данных, совместное участие в научных и грантовых проектах, оснащение материально-технической базы и совместное укрепление кадрового потенциала через программу split pH.D.

Для реализации этих инициатив мы разработали дорожную карту, в которой прописаны конкретные действия, и приступили к следующему этапу сотрудничества", - написала Лаура Карабасова.

Во встрече принял участие заместитель акима Актюбинской области Ермек Кенжеханов.

Таким образом, крупнейшая нефтедобывающая компания региона будет активно участвовать в подготовке местных кадров.

## A LARGE OIL PRODUCING COMPANY WILL ACTIVELY PARTICIPATE IN THE TRAINING OF LOCAL PERSONNEL

Director General of the region's largest oil-producing transnational corporation "SNPC-Aktobemunaigas" Li Shufeng with a delegation consisting of the first deputy, heads of the "Research Center", "Labor Resources", "Preparatory Department" and "Department of Public Relations" the companies got acquainted with the Aktobe regional Zhubanov University. This was told by the rector of the university Laura Karabasova on her page on the social network.



"This is a great achievement for us and the result of negotiations that have been going on for a year. With the direct support of the head of the region, Ondasyn Orazalin, we have strengthened ties with almost all major enterprises in Aktobe and achieved concrete decisions. We acquainted the management of SNPS-Aktobemunaigas with the educational process of the university's educational program "Oil and Gas Business", the practical base, the "Training ground for oil and gas production", the "Oil field development center" and the "Laboratory for studying methods of industrial waste disposal" of the Innovation Park and etc.

Earlier, as a result of the first meeting with the company in the spring of this year, 25 students successfully completed an internship on the basis of "SNPS - Aktobemunaigas", training programs in the specialty were jointly developed. At today's meeting, we discussed the most important issues of personnel training. In particular, the organization of dual education through special digital solutions on the basis of SNPS-Aktobemunaigas JSC, the opening and equipping of the office of SNPS-Aktobemunaigas JSC at the Department of Oil and Gas Business with computers, obtaining programs for processing and interpreting geological data, joint participation in scientific and grant projects, equipping the logistics base and joint strengthening of human resources through the split pH.D program. To implement these initiatives, we have developed a roadmap that outlines specific actions, and have embarked on the next stage of cooperation," Laura Karabasova wrote.

The meeting was attended by Deputy Akim of Aktobe region Yermek Kenzhekhanov. Thus, the largest oil producing company in the region will actively participate in the training of local personnel.

☑ Summer rest

# ЕҢ ҒАЖАП ДЕМАЛЫС

Жылдағы әдетімізбен еңбек демалысымызды асыға күтіп, орындалатыны бар, орындалмайтыны бар түрлі жоспар құрып ерекше дайындаламыз. Биылғы демалысым басталар кезде көңіл қуантқан хабар университет кәсіподақ ұйымының қолдауымен Түркістан облысындағы "Сарыағаш" демалыс орнына тегін жолдама берілуі болды. Бұл оқиғаны ұзақ жылғы ұстаздық еңбегімнің бағаланғаны деп қабылдадым. Оның үстіне 58 жасқа толған туған күнім осы мезгілге сәйкес келді. Бір топ оқытушы, қызметкер болып біз демалуға келген Сарығаш елді мекенінде 70-ке жуық демалыс орны бар екен. Солардың бірегейі "Айша бибі"шипажайындағы демалысымыз өте сапалы болды. Осы мүмкіндікті сыйлаған университет басшылығына рақметімді жолдаймын. Шипажайда емдік-сауықтыру шаралары белгілі уақытында жасалып, өте жақсы



демалып, денсаулығымызды жақсарттық. Киелі Түркістан,Ташкент қаласының көрікті жерлерін араладық.

Өзім саяхаттағанды жақсы көремін, оның үстіне көпшілікпен саяхат ерекше әсер қалдырады. Жаңа адамдармен танысу жан сарайын толтырып, рухани азық береді. Жан да, тән де демалды.

5 жыл Алматыда оқыдым, оңтүстік өңірінде 16 жыл тұрдым, Ақтөбеге келгеніме де 22 жыл болыпты. Жалпы ұстаздық жолыма 36 жыл.

Қазақстанның біраз жерінде болдым, тек Жезқазған мен Семейге жол түспепті. Көпшілігі іс-сапар барысында болса да әр саяхат кезінде жүрген жерлерімдегі тарихи орындарға, кесенелерге, кітапхана, театрға соқпай кетпеймін. Биыл да сол дәстүрмен Сарыағашта салынған үлкен




мешітті тамашаладым, жаңарған Түркістанның киелі жерлерін аралап, зиярат жасадым. Жаңадан бой көтерген ғимараттарды, алып кітапхананы, жаңа Қазақстанның осындай гүлденген бейнесін көру ұмытылмас әсер қалдырды.

Оңтүстік сапарынан соң Атырау өңіріне жол түсті. Онда тұратын, көптен кездеспеген группалас құрбыларыммен қауыштым, сонау студенттік кезімізге қайта оралғандай болдық, мұның өзі адамның бір қимас күндерінің әдемі есте қалар естеліктері деп ойлаймын. Атырау өңірінде қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі — Сарайшық қаласы орналасқан. Осы тарихи кешенді аралау бақыты бұйырды. Сарайшық (Сарай-жұқ) моңғолша кіші Сарай деген мағынаны білдіреді. Тарихшы ғалымдар оның пайда болуын XIII ғасырда Шыңғыс хан мен Батудың жасаған шапқыншылығымен байланыстырады.

Тарихи деректерде Сарайшықтың қолөнері мен сауданың ірі орталығы болғандығы айтылады.

Тарихи-мемориалдық кешен 1999 жылы 3 қыркүйекте ашылған. Кешеннің құрамына Хандар Пантеоны кіреді. Оның биіктігі 17 метр, 8 қабырғалы. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арналып құлпытастар қойылған. Сондай-ақ бұл жерде мешіт пен мұражай бар.

Ең тез өтетін уақыт — демалыс уақыты. Биылғы еңбек демалысым ойлағанымнан да тамаша өтті. Түйгенім дос бола білген адамға ғана жақсы дос бұйырады деген сөз рас екен, достарымның көптігімен мақтана аламын.

Шындығында әркез әлеуметтік желіден өмірдегі жаңалықтарымыздан хабардар боп отыратын достарыммен кездесуге асығып, бір-бірімізге қолдау көрсетіп, қолпаштауы шалқар шабыт берді. Осылайша жаңа оқу жылын сергек көңілмен, шат сезіммен бастағалы жүрмін. 2022 жылдың жазы ең ғажап демалыс сыйлады, сондықтан әрдайым есімде әдемі естеліктерімен сақталмақ.

**Сақыпжамал Жаяңқызы Ташимбаева**
**Zhubanov University**
**"Қазақ филологиясы" кафедрасының**
**аға оқытушысы, филология факультеті**
**кәсіподақ төрайымы.**



☑ Main news

## ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ УМРА ҚАЖЫЛЫҒЫН ЖАСАДЫ

Сауд Арабиясына ресми сапармен барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мекке қаласында умра тауабын жасады.



Бұл жөнінде Президенттің баспасөз қызметі хабарлады. Мемлекет басшысының жанында Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы да болды. Президент бастаған Қазақстан азаматтарына қасиетті Қағбаның ішіне кіріп, екі рәкағат намаз оқуға рұқсат берілді. Сауд Арабиясы басшылары Қағбаның есігін ерекше жағдайларда және аса сыйлы қонақтарға ғана ашады. Демек бұл — Сауд Арабиясы басшылығының Қазақстан Президентіне көрсеткен зор құрметі деп қабылданды.

## ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА СОВЕРШИЛ УМРУ

Президент Касым-Жомарт Токаев, находившийся с официальным визитом в Саудовской Аравии, совершил умру в Мекке.

Об этом сообщила пресс-служба президента. Вместе с главой государства в малом паломничестве участвовал главный муфтий страны Наурызбай Таганулы. Гражданам Казахстана во главе с Президентом разрешили войти в священную Каабу и совершить два ракаата намаза. В Саудовской Аравии открывают двери Каабы только по особым случаям и для высокопоставленных гостей. Поэтому это стало знаком большого уважения, проявленного руководством Саудовской Аравии, к Президенту Казахстана.

## THE PRESIDENT OF KAZAKHSTAN COMMITTED UMRAH

President Kassym-Jomart Tokayev, who was on an official visit to Saudi Arabia, committed Umrah in Mecca. This was reported by the press service of the President. Together with the head of state, the chief mufti Nauryzbay Taganuly was present. Citizens of Kazakhstan, led by the President, were allowed to enter the sacred Kaaba and perform two rak'ah prayers. In Saudi Arabia, the doors of the Kaaba are opened only on special occasions and for high-ranking guests. Therefore, it became a sign of great respect shown by the leadership of Saudi Arabia to the President of Kazakhstan.

**Басты жаңалықтарды дайындаған**
**Айерке Сұлтанбекова**

☑ Region

Арнайы беттер
Қобда ауданы

# УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН



Ақтөбе облысы Қобда ауданы —
Ақтөбе облысының солтүстік-батысындағы
әкімшілік-аумақтық бөлініс. 1929 жылы құрылған.
Жер аумағы 14 мың км².
Аудан орталығы: Қобда ауылы
Ауылдық округтер саны: 18
Ауыл саны: 31

## БАТЫРЛАР МЕКЕНІ



**Болат Құлов**
**Ақтөбе облысы**
**Қобда ауданының әкімі**

Болат Құлов 1968 жылы туған. Ақтөбе Педагогикалық училищесін, Алматы Экономика және статистика институтын тәмамдаған.

Еңбек жолын 1988 жылы Қобда ауданы, Жарық орта мектебінде бастауыш класс мұғалімі болып бастаған, 1997-1998 жылдары аралығында Қобда аудандық газетінің тілшісі, 2000 жылға дейін Қобда ауданы әкімі аппаратында бас маман болып қызмет жасаған.

Әр түрлі жылдары Қобда ауданындағы «Мектептен тыс білім беру» мекемесінің, Қобда ауданы Қарағанды орта мектебінің директоры лауазымдарын атқарған.

Қобда аудандық мәдениет бөлімінің басшысы, Қобда ауданы әкімі аппаратының басшысы қызметтерін атқарды.

Қобда ауданың әкімі лауазымына тағайындалғанға дейін Қобда ауданы әкімінің орынбасары лауазымын атқарып келген.

Қобда ауданы солтүстігінде Ресеймен, шығысында Алға, Мәртөк аудандарымен, батысында Батыс Қазақстан облысымен, оңтүстігінде Темір, Ойыл аудандарымен шектесіп жатыр. Қойнауы шежіреге толы, тарихы бай киелі өлке. Тарихи құндылықтарының әлеуеті басым ауданның құрылғанына 90 жылдан асты.

Ежелгі тарихында бұл жерді мекен қылған сақтар мен ғұндар, басқа да түркі тектес тайпалар, одан беріде Жошының хандығы, Алтын Орданың дәулетті баһадүр бектері, қазақтың бірлігін бір тудың астына біріктіру жолында жандарын пида еткен аруақты батырлар, жоңғар мен қалмақ шапқыншылығы тұсында «ақтабан шұбырынды» қасіретін қайта болдырмауды мақсат етіп, халықтың тағдырын шешу үшін (Әбілқайырдың тұсында) орыс патшасының алдына барған ағалы-інілі Әжібай, Арал батырлардың өрлігі мен ерлігі, басқа да тарихи оқиғалар осы өңірде өткен.

39 түрлі эпостың кейіпкері Қарақыпшақ Қобыландының атының тұяғы дүбірлеткен Дүңгірлек суы, қалмақ ханы Омбы Дондукқа қарсы ұлы жорыққа бастаған қалың қолдың аруақты батыры Алтайдың атының ізі қалған жер, Абат батырдың жаны мәңгілік тыныш тапқан Абат-Байтақ қорымы, атақты Аңырақай шайқасында Райымбекпен үзеңгілес болған Жездібай, Малай батырды туған Бесқопа, Орынбор губерниясы «көрінбейтін әйел» атаған Пугачев көтерілісін жалғастырып, әділетсіздікке қарсы қол бастаған Сапар (Сапура) Мәтенқызының жорықтары, ұлт-азаттық көтерілістің шеңгелі Шейітсай, отаршылдыққа қарсы күрестерді бастаған Исатай Тайманұлының кесенесі — осы өңірдің тарихи жәд
баһадүр қо
Әмір Темір
хандарыны
бектің жұрт

Мұнда а
Сегәлі, Қы
жатқан қор

Қобда ж
қын Ұлы О
ты түрде жа
шыққан ба
Әлия Молд
және 8 баты
да Ақтөбе
дивизиясын
уынгерлері.



Облыс әкімі О.Оразалин ауданға жұмыс сапары кезінде Балалар жылына орай биыл ашылған спорт алаңына барып, жас спортшыларға сыйлық жасады.

# БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ



іґерлері. Бұл өңір — Шыңғыс ханның лбасшысы Сүбітайдың қалың қолы, рдің қаһарлы жасағы, Алтын Орда ң, Әбілқайыр мен Барақтың, Жәні-ы ат тұяғын серпіген жер.

руағын ұрпағы пір тұтқан Дербісәлі, з әулиелер, Бекпан, Бисен хазірет ымдар бар.

кері әйгілі батыр бабаларының даң-тан соғысы жылдарында да лайық-алғастырды. Сол жылдары Қобдадан тыр қыз, Кеңес Одағының батыры дағұловадан өзге Кеңес Одағының ры болды. Олар әйгілі сол жылдарын-облысында құрылған 312-атқыштар ның және 101-ұлттық бригада жа-.

**Ашық дереккөзден.**





# ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР МЕМОРИАЛДЫҚ КЕШЕНІ

Зерттеушілер Қара Қыпшақ Қобыландының қиялдан туған бейне емес, тарихи тұлға екенін айтады. Деректерге сай, Қобыланды Тоқтарбайұлы — Алтын Орда ыдыраған алмағайып замандағы Әбілқайыр ханның (1412-1468 жж.) төбе биі, сонымен қатар бас батыры. Жалпы, тарихта бірнеше Қобыланды болғаны белгілі.

Қобыланды батыр кесенесі ХІХ ғасырға дейін құлап қалса да, оның жерленген орнына жұрт беріге дейін зиярат еткен. Оған дәлел — өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында бұл жерді Ноэль Шаяхметов, Сайым Балмұханов сынды ғалымдардың арнайы іздеп келуі.

Ноэль Шаяхметов жетекшілік еткен жұмыс тобы көнекөз қариялардың көрсетуі бойынша, Қобыланды батырдың сүйегін қазып, алып кеткен.

Сүйек алдымен Алматыдағы Орталық музейдің антропология зертханасында сақталып, соңынан Шаяхметов оны Мәскеуге әкеткен. Сөйтіп, 2000-жылдардың басында ғана қайта табылған.

2004-2005 жылдары Қобыланды батыр жерленген қорымда зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, археологтар бұл жерде бұрын үлкен кесене болғанын анықтады. Кесененің ұзындығы — 11,6 метр, ені — 8,9 метр болған. Кесене орнынан табылған кірпіш қалдықтарына зерттеу жүргізген ғалымдар оларды XIV-XV ғасырларға жатқызды.

Осы тұста Шаяхметов Мәскеуге әкеткен батырдың сүйегі елге қайтарылып, зерттеу жүргізу үшін, академик Оразақ Смағұловқа табысталды.

2006 жылғы тамызда батырдың сүйегі қайтадан бұрынғы өз қабіріне жерленді.

Ал 2007 жылы Жиренқопада батырға арнап тұрғызылған мемориалдық кешеннің ашылу салтанаты өтті. Батыр кесенесінің сәулетшісі Бек Ибраев. Кесене дулыға тәріздес етіп салынған. Биіктігі — 17метр, диаметрі — 16 метр. Кесене жанына музей және қосымша қызмет бөлмелері бар арнайы ғимарат салынған. Сондай-ақ, жергілікті жұрт «Қобыландының меңгіртасы» атап кеткен қайрақ тас та осы жерде тұр.

**@aktobesaiasat**



Region

Арнайы беттер
Қобда ауданы

# УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН

**Райгүл Еншібайқызы Aqtóbe телеарнасының «Жаңалықтар» редакциясының дикторы, көгілдір экранның сұлу көркі. Ол Zhubanov Universty (Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының) 2013 жылғы түлегі. Филология факультетінің «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын оқып, бітірген. Құтты Қобда жерінде өсіп, бір кезде қанатын қиырларға жазып ұшқан қарлығаш. Бүгінде Райгүл Еншібайқызы кәсібін терең меңгерген тәжірибелі журналист.**

**Әріптесімен сұқбат жүргізген
Гүлнара Қараша.**



# КӨГІЛДІР ЭКРАННЫҢ сұлу көркі

**— Райгүл, университет түлегі ретінде аймаққа танымал тұлға болғаныңыз үшін өзіңізді мақтан тұтамыз. Сіз де академиялық білім алған университетіңіздің өсу-даму тенденцияларына көңіл аударып, жетістіктеріне қуанып отыратын боларсыз?..**

— Иә, әрине. Өзім білім алған қара шаңырақтың әр жаңалығын түлегі ретінде мерейім артып, мақтан тұтамын. Батыстағы белді оқу орындарының бірі екені айтпаса да түсінікті. Қазір университет заман талабына сай іргелі ілім ордасына айналды. Оны көріп, біліп, естіп жүрміз. Жұмыс барысымен барған сәтте жетістіктерін, өзгерістерін көріп қуанып қаламын. Талай білікті кадр дайындаған оқу ордасының біз үшін әрдайым орны ерек. Профессор-оқытушылар құрамы да таңдаулы. Бүгінде студенттер үшін жасалған жағдай тіпті айрықша…

> ”
> Қобда ауданынан Zhubanov University бойынша бакалавриатта 145, магистратура 4 білім алушы оқиды.

**— Білуімізше, телеарнаға қызметке кездейсоқ келген жоқсыз. Кастинг арқылы, алға арнайы мақсат қойып, қызметке орналастыңыз. Телеарна жұмысы несімен тартты?**

— Телеарна қызу қайнаған тірліктің ортасы. Ақпараттың айнасы. Сол айнаға қарап айналанда, қоғамда жалпы әлемде не болып жатқаннан хабардар боласыз. Дәл сол ортада қызмет ету менің бала күнгі арманым еді. Бірақ шыны керек, мен үшін қол жетпес қиял секілді ғана болды. Бастауыш сыныптағы жетекшіміз Қизатова Анаргүлдің сабақ өткізу тәсілі ерекше еді. Балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс қолданатын. Бір күні апай қораптан ойып жасалған үлкен теледидардың бейнесін әкелді. Ол жасанды экранның бетінен тек "Ана тілдің" (пән) өлеңдерін жатқа оқитындар ғана шығады деді. Сол қорап теледидардан сайрап отыру үшін сабаққа үзбей дайындалатынмын. Міне, бұл менің телеарнадағы алғашқы тәжірибем десем де болады… Кейін жоғарғы оқу орнын тәмәмдап, бірден телеарнаға жұмысқа орналасып кетпесем де, бәрібір бала арманыма қол жеткіздім. 2015 жылы Ақтөбе телеарнасының 55 жылдық мерейтойына арналған кастингке қатысып, жеңімпаз деп жұмысқа жолдама алдым. Бұған әкем себепші болды. Олай дейтінім, кастинг туралы жарнаманы газеттен оқып, менің барып, қатысуыма түрткі болған еді.

**— «Жаңалықтар» қызметінде қызмет ету телеарнадағы ең қиын міндет. Өйткені күнделікті жаңалықтарды түсіріп, жазып, көрермен назарына ұсыну жеделдікті, шеберлікті, білімділікті қажет етеді. Оған тағы денсаулықтың мықтылығын қосар едім. Стрестік жағдайлар болып тұрады. Мұны айтып отырғаным, сіз тек диктор ғана емес, тілшісіз де. Кейде осы кәсіпке бекер келген екенмін деген өкініш бола ма?**

— Өкініш дейсіз бе? Жоқ, болған емес. Өйткені мен мамандығымды ерекше сүйемін. Журналистің арқалағаны алтын, жегені жантақ. Сондықтан көтерер жүгіңнің ауыр болларын ешқашан естен шығармаған жөн. Қиындығынан қашпай, кез-келген кедергіге төтеп бере алатындай жанкешті болуың керек. Негізі ісіңіз сүйікті болса, жұмыс барысы аса қиындық тудырмайды деген ойдамын.

**— Журналистиканы қалай үйрендіңіз, мамандығыңыз филолог қой. Осы саладағы бағыт берген, демеп отырған ұстазым деп кімге алғыс айтар едіңіз?**

— Журналист филолог бола алмайды, бірақ филолог журналист бола алады. Телевизия саласы ұжымдық жұмыс. Жеке бір өзің ештеңе көрсете алмайсың. Экранда бір ғана диктор сөйлеп отырғанымен кадр сыртында топ адамның еңбегі жатыр. Сондықтан бұл салада бағыт-бағдар берген, кеңесін айтып, білгенімен бөліскен тәжірибелі әріптестерім көп. Олардың әрқайсысының мен үшін орны бөлек.

**— Университеттегі ұстаздарыңыз туралы да еске алсаңыз. Кімнің дәрісі ұнаушы еді?**

— Ұстаздарымның бәрін сыйлаймын, құрметтеймін. Әсіресе Матенова Сақып-Жамал, Молданова Зухра, Тектіғұл Жанна, Сәдуақас Нұрбол, Алдашов Нұрдәулет ұстаздарымды атап айтқым келеді. Амангелді Айталы, Алтай Тайжанов ағайлардың тамаша дәрісін тыңдадық.

**— Негізі университеттің «Филология» факультетін бітірушілер еңбек жолдарын осы жергілікті Aqtóbe телеарнасынан бастап жатады. Осы салаға көшбастаушы өзіңіз де жаңа келгендерге бағдар нұсқап, ұстаз болып жүрген шығарсыз?**

— Көшбастаушы емес, көш жалғастырушы дегеніңіз дұрыс болар. Себебі маған дейін де келгендер бар. Көшті бастамасам да, білгеніммен бөлісуге үнемі әзірмін деп айта аламын. Телеарнада тәжірибеден өтіп жүрген жастарға, қызметке енді орналасқан жас әріптестеріме жол сілтеп жіберу міндетім ғой.

**— Қазақтың батыр қызы — Әлияның (Молдағұлова) туған елінен екенсіз. Қобда жерінің қасиеті онда өскен жандарға ерекше көрік пен алғырлық дарытатын секілді. Әлияның бейнесіне ұқсастықты байқап отырғасын айтқаным ғой...**

— Рақмет! Батырға ұқсасақ жаман болмаспыз. Ежелден батырлардың мекені болған Қобда ауданын қалай мақтан етсем де артық етпес. Әлия туған топырақта өскен соң, жақсыға ұқсауға тырысамыз әрине.

**— Туған жерге жиі барасыз ба, ауылдың жағдайы қалай?**

— Бір жарым жасымнан бастап Қобдада өстім. Балалық шағым өтті. Әрине туған жерге барып тұруға тырысамын, өйткені әке-шешем, қара шаңырақ сонда. Барған сайын күн санап көркейген ауылымды көріп бір марқайып қаламын. Шежірелі өлкенің бүгінгі тыныс-тіршілігі қалыпты. Ауыл шаруашылығы секторына бағытталған аймақтың халқы бірлігі мен ынтымағы жарасқан еңбекқор. Экономикалық дамуы көңіл көншітеді. Қойнауы құтқа толған Қобдада әлі талай ілкімді іргелі істер атқарылары сөзсіз.

# БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

## Әлия туған ауылданмын!..




Біздің ауылдың кез-келген тұрғыны бұл сөзді мақтанышпен айтады. Себебі қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың кіндік қаны тамып, тұсауы кесілген ауылда өмірге келу, батыр туған жердің топырағында өсіп, ер жету — мақтаныш екені айтпаса да түсінікті.

Ауылымның да, ауылдағы мектептің де, облыстық патриоттық тәрбие беру орталығының да, ауылдағы әдемі музейдің де, ауылдың ең басты көшесінің де атауы батыр қыздың есімімен аталады.

Қобда өзенін бойлай жатқан ауылымыздың атағы әлдеқашаннан-ақ айдай әлемге танылды. Атақты ауылдың қонағы үзілмейтіні де содан.

Батыр туған ауылға алыс-жақын шетелдерден, еліміздің түкпір-түкпірінен арнайылап келетіндердің көші бір тоқтаған емес. Әлия туралы деректерді ең алғаш болып іздеуге мұрындық болған қазақтың аяулы азаматы Дінмұхаммед Қонаевтың өзі өткен ғасырдың сексенінші жылдары ауылымызда қонақ болып, музей жұмысымен танысқан. Қонаевтың сол сапарда келген суреті музейде сақтаулы тұр.

Келімді-кетімді қонағы көп ауылдың облыстағы, тіпті еліміздегі ең үлгілі ауылдардың бірі екендігіне күмән жоқ. Ауылда батыр қыздың бюсті мен алып ескерткіші тұр.

Әлияның әскери шинель жамылған мүсіні ауылдың бейбіт тірлігіне сүйсініп тұрған һәм біз секілді балаларды отанды, елді сүюге шақырып тұрған қас батырдың өзіндей.

Батырдың музейіндегі, облыстық патриоттық тәрбие беру орталығындағы құнды жәдігерлер де ауылымыздың құнын аспандата түседі. Мектепте нағыз патриоттар оқып жатқанына күмәніңіз болмасын.



Фотомұрағат.

**Әлия — Қобда ауданындағы ауыл, Бұлақ ауылдық округінің орталығы.**
**Мұнда мыңнан астам тұрғын тұрады.**

Алыстан мен мұндалап тұратын еңселі мешіт — осы ауылдан түлеп ұшқан кәсіпкерлердің сыйы. Ауыл көшелері асфальтталған, кең, жап-жарық. Су да, газ да бар. Бірлігі бекем, тірлігі көркем ауылдың тарихында менің атамның да есімі ерекше аталады. Менің арғы атам Шортан Рамазанов Әлия Молдағұлова атындағы колхоздың тұңғыш председателі болған. 1950 жылы 13 тамызда Қобда ауданындағы Көксай, Кіндіксай, Аққұдық және Әліпайсай — осы төрт ауыл бірігіп, Әлия Молдағұлова атындағы колхоз құрылған кезде менің атам Шортан Рамазанов Қазақстан Коммунистік Партиясы Ақтөбе облыстық комитеті басшысының шешімімен осы Әлия Молдағұлова колхозына тұңғыш председатель болып сайланған. Әлия атындағы ауылда туғанымды және ең алғаш рет осы ауылды менің атамның басқарғанын мақтан етемін! Әлия ауылы туралы «Ақтөбе» газетінде жиі жарияланады. Менің тәтем де журналист. Сондықтан біздің үйге үнемі «Ақтөбе» газеті келіп тұрады. «Ақтөбе» газетін оқитын үздік ауыл» байқауына ауылым туралы жазып отырғанымда да кеудемді мақтаныш кернеп отыр. Өзімнің де есімім Әлия, қазір Ақтөбе гуманитарлық колледжінің студентімін.

**Әлия РАХАТ**
**Ақтөбе гуманитарлық колледжінің студенті.**

Region

Арнайы беттер
Хромтау ауданы

# УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН



Хромтау ауданы — Ақтөбе облысының солтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. 1935 құрылған. Жер аумағы 12,900 км². Орталығы – Хромтау қаласы Аудан жері Мұғалжар тауының қырқалы-төбелі солтүстік-батыс бөлігін қамтиды. Батысы мен орталық тұсы көтеріңкі дөңес келген. Ең биік жері 487 м. Шығысы мен оңтүстік-шығысы сай-жыралармен тілімделген жазық. Бұл жағы Торғай үстіртінің біраз бөлігін алып жатыр. Аласа келген Никельтау (432 м), Бақай (436 м), Шұқыртау (462 м), Бәйментау (456 м), Әулиемола (320 м), т.б. таулары бар. Жер қойнауынан хромит, никель, мыс, мырыш, тас көмір, құрылыс материалдары барланған.



**Азамат Бекет**
**Ақтөбе облысы**
**Хромтау ауданының әкімі**

Ол — Қазақ гуманитар-лық-заң университеті мен экономика және құқық академиясының түлегі.

Еңбек жолын 2004 жылы Астана қаласындағы экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің инспекторы болып бастаған.

Әр жылдары Алматы, Астана қалаларының, Батыс Қазақстан, Алматы облыстарының экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменттерінде еңбек етіп, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарында туризм, дене шынықтыру және спорт басқармаларын, Атырау облысының Жылыой ауданын басқарды.

2020 жылдың қыркүйек айына дейін Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

## ДӨҢ ТАУ-КЕН БАЙЫТУ КОМБИНАТЫ ӘЛЕМ БОЙЫНША ЕКІНШІ

Дөң тау-кен байыту комбинаты хром кенін өндіру бойынша әлемдегі ең ірі кәсіпорындардың бірі. Дөң КБК-мен игерілетін хром кені шоғырларының ұзындығы шамамен 22 шақырым және ені 7 шақырым.

Дөң КБК 1938 жылы Оңтүстік-Кемпірсай хром кен орны базасында хром кенін өндіру және байыту кәсіпорны ретінде Ақтөбе облысы Хромтау қаласында құрылды. Бұл дәлелденген қорлар бойынша әлемдегі екінші кен орны болып табылады. Дөң комбинатында өндірілетін және қайта өңделетін хром кенінің әлемде сапасы жағынан теңдесі жоқ.

Дөң КБК-да өндірілетін кеннің басым бөлігі Ақтөбе және Ақсу ферроқорытпа зауыттарына жеткізіледі.

Құрамында жоғары оксидті хромы бар кендер ($Cr_2O_3$ 62%-ға дейін) металлургияда ферроқорытпаларды балқыту үшін, оттөзімділер жасау үшін және химия өнеркәсібінде хром қосылыстарының өндірісі үшін қолданылады.

Дөң КБК-ның құрамында 27 құрылымдық бөлімше бар, қызметкерлер саны — 7500-ден аса адам. Оның бесеуі — тауар өндіруші цехтар: «Молодежная» шахтасы мен «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасы, «Дөң» кеніші, Кен байыту және кесектеу фабрикасы мен №1 ұсату-байыту фабрикасы.

Көлік, жөндеу, автоматтандыру және байланыс, энергетика, электр және басқа да цехтар кәсіпорынның тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.

Кәсіпорында қауіпсіздік бағытына барынша көп көңіл бөлінеді. Нөлдік жарақатқа қол жеткізуге ықпалды әлемдік әдістер негізіндегі ауқымды іс-шаралар бағдарламасы септігін тигізеді.

Кәсіпорынның әлеуметтік пакетіне қызметкерлердің денсаулықтарына қамқорлық көрсету кіреді.

Табиғатты қорғау іс-шараларына жыл сайын қомақты қаражат бөлінеді. Су мен ауаның жай-күйіне бақылауды қоршаған ортаны қорғау зертханасының мамандары жүргізеді. Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының негізгі тармақтары — бұзылған жерлерді қалпына келтіру, шахталық және карьерлік суды қайта пайдалану, өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу, өнеркәсіп алаңдарын және Дөң КБК цехтарының санитарлық-қорғау аймақтарын көгалдандыру.

Дөң КБК-ның қызметкерлері үшін Тұрғын үй бағдарламасы бойынша сегіз үй тұрғызылды және тоғызыншы үй пайдалануға берілді.

Комбинаттың әрбір жұмыскерінің мүддесі осы саланың үздігі атанған компанияның ұжымдық шартымен қорғалды. Қызметкерлердің спорттық және мәдени дамуы үшін Дөң КБК-ның дене шынықтыру-сауықтыру кешені және Кеншілер мәдениет үйі жұмыс жасайды.

«Мұғалжар» балалар жазғы сауықтыру орталығы балалардың демалысын өткізу үшін құрылды. Әр жаз сайын мұнда Дөң КБК мен Ақтөбе ферроқорытпа зауыты қызметкерлерінің мыңнан астам балалары демалады.

Зейнеткерлерге барынша қолдау көрсетіледі. Комбинатта Ардагерлер кеңесі жұмысын жүргізіп келеді.

Дуалды білім беру жүйесі кәсіпорынға кадрлар дайындауға және Хромтау тау-кен техникалық колледжінің студенттеріне өндірістік тәжірибеден өтуге мүмкіндік береді.

**Мәлімет пен фотосуреттер компанияның @donskoygok ресми instagram парақшасынан алынды.**

# БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

# Кітап оқығанды ұнатамын



**Zhubanov University бойынша Хромтау ауданынан бакалавриатта — 349, магистратурада — 3 білім алушы оқып жатыр.**

**Солардың ішінде ең белсенді студент Айдана Кәдір “Шетел тілі: екі шетел тілі” мамандығының 4 курсына көшті. Айдана жақсы оқуымен бірге, өзін тұлға ретінде жан-жақты дамытып отыратын талантты, талапты. Мәнерлеп оқу, дебат ойындары, тоғызқұмалақ спорты. Қандай іспен айналысса да, Айдана нәтижеге қол жеткізетін алғыр жас. Әсіресе жетістіктері тоғызқұмалақ спортынан жоғары, республикалық жарыстарға да қатысып жүр.**

**Айдана Кәдірдің тағы қандай ой-жоспары бар?. Сұқбат барысында ол жайлы біліп, риза болдық.**

**Кездескен Гүлнара Қараша.**

**— Айдана, жазғы демалысыңыз қалай өтті?**

—Жазғы демалыс жалпылама түрде жақсы өтті. Жазда даяшы болып жұмыс жасадым, алғаш рет. Даяшының жұмысы қиындық туғызбады. Керісінше тағы бір істен тәжірибе жинақтадым. Негізі қара еңбектен қашпаймын. Сондықтан бұл жазда үй жөндеуге көмектесіп, тұсқағаз да жапсырдым, тіпті балшықтан қора да соқтым. Әрине мұның бәрі күнделікті тұрмыста кездесетін, әр адам білуі керек тұрмыстық дағдылар.

Кітап оқығанды ұнатамын.

Биылғы демалысымда американдық танымал жазушы Николас Спаркстың «Дальняя дорога» бестселлер романын, келесі американдық жазушы Рэй Брэдбериге әлемдік даңқ берген «451 градус по Фаренгейту» романын оқып шықтым.

**— Жаңа оқу жылы сіз үшін ерекше болуы керек. Соңғы курс. Көңіл-күй қалай? Жоспар көп шығар?**

— Рақмет, көңіл-күй керемет. Алдағы соңғы курсыма жоспарлар баршылық. Бөлісе кетсем, көлік жүргізуші куәлігін алу үшін курс оқу, диплом жұмысымды сәтті жазу, практика кезінде мұғалімдік шеберлігімді дәлелдеу т.с.с.

**— Шетел тілін меңгеріп жатыр екенсіз. Қазір шетел тіліне көзқарас өте оңды, әр зерек жас бір шетел тілін үйреніп алуға тырысады. Ал сіз университеттен екі тілді игеріп шығасыз. Оның үстіне шетел тілінен оқушыларға сабақ беретін боласыз. Шетел тілі мұғалімі үшін оны оқытудың әдісі маңызды деп ойлаймын. Қандай жаңаша әдісті қолдануға болады?**

— Мен қолданатын әдіс атауы: «Comfort». Бұл әдіс арқылы тек білген біліміңді жеткізіп қоймай, сонымен қатар кері байланыс ала алу мүмкіндігін береді, барлығына ыңғайлы. Оқушыны оқушы деп емес, дос ретінде санасақ, ол да сізді дос ретінде санайды. Тіл үйренуде әдістің дұрыстығына емес, ыңғайына мән берілуі керек деп ойлаймын.

**— Тоғызқұмалақ спортынан көп жетістігіңіз бар екен. Бұл спорт түрі несімен пайдалы? Егер жалпылама емес, нақты нәтиже жөнінде айтар болсақ.**

—Тоғызқұмалақпен шұғылданғанда бойда патриоттық сезім күшейеді. Ми шынықтыруға, ойлау жүйесін дамытуға үйретеді, сананы қалыптастыруға ықпал етеді. Егер тоғызқұмалақты адам бала кезінен үйренетін болса онда математика пәнінен жүйрік болады. Бұл спорт сабырлылыққа баулиды. Дегбірсізденбей қарсыластың ойланып болғанын күте білсең, шыдамдылық қасиет қалыптасады. Мінекей тоғызқұмалақтың пайдасы өте көп.

**— Туған жеріңіз Хромтау ауданы қандай жер? Болудың сәті түспепті. Қандай өзгешелігі бар?**

— Хромтауды көпшілік тек хром өндіретін қала деп біледі, ал бізде атақты Дөң кен байыту комбинатынан басқа, керамикалық плиталар өндіретін қытайлық компаниямен бірлескен «Newmay Ceramics» зауыты, сүт өнімдерімен таныс «Тау» агрофирмасы сияқты ірі өндіріс орындары бар. Бір қызық айтайын — бұл қаланың атауы 1937 жылы жерінен хром кені табылып, өндірілетіндіктен және оның қалдықтары тау болып үйіліп жатқандықтан қала атауы Хромтау деп аталған. Қалада бар жоғы 26 мың халық өмір сүреді.

**— Университетті тәмамдағасын педагогика саласында еңбек етуге дайын боларсыз?**

— Дайындық қызу. Дегенмен 4-курсты аяқтаған кезде толық дайынмын деп айта аламын. Әрі қарай оқуымды жалғастырып, магистратураға түссем бе деген мақсатым да бар.

Region
Арнайы беттер
Хромтау ауданы

# УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ



## «ХРОМТАУ» АЛҒАШҚЫ ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ

**Ақтөбе облысында қуатты жел электр стансасы салынып жатыр. 19 тамыз күні Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалин, ERG Директорлары кеңесінің төрағасы Александр Машкевич пен кеңестің мүшелері Патох Шодиев, Шухрат Ибрагимовтің қатысуымен «Хромтау» жел электр стансасы салынатын орынға капсула қалау салтанаты өтті.**

Алғашқы жел электр стансасына «Хромтау» атауы берілген. Жел генераторының паркі Хромтау маңындағы 150 гектар аумақты алады.

ERG-дің 155 мегаватты жаңғыртымды қуат көзі бар «Хромтау» жел электр стансасы 2024 жылы іске қосылады деп жоспарланған. Ақтөбе облысы әкімдігінің баспасөз орталығының хабарламасында «ЖЭС жобасы тың инжиниринг әрі технологиялық әзірлемелерге сүйене отырып қолға алынған. IEC S санатындағы қуатты турбиналар жергілікті ауа райына бейімделген. Жел қарқыны секундына 3 метр болса да, 25 метрге дейін үдесі де сол желден қуат алады.

Электр қуаты «Қазхром» ТҰК» АҚ Дөң тау-кен байыту комбинатына жеткізіледі. Бүгінде кәсіпорын 45 мегаватқа жуық электр қуатын тұтынып отыр. Келешекте өндіріс қуаты ұлғайып, жаңа жобалар жүзеге асырылатынын ескерсек, комбинаттың қуат тұтыну мөлшері де 80 мегаватқа дейін артуы мүмкін. Өз кезегінде бұл өңірдің энергожүйесіне айтарлықтай жүктеме болар еді. Жел электр стансасы Дөң ТКБК-ның ғана емес, іргелес орналасқан Ақтөбе облысының өзге де өндірістік кәсіпорындарын қуатпен қамдай алады. Осылайша, өңірде туындауы мүмкін қуат тапшылығы мәселесі толық шешіледі. Осы жобаны жүзеге асыру нәтижесінде атмосфераға шығатын көмірқышқыл газы жылына 520 мың тоннаға қысқарады.

ERG аталмыш жобаға шамамен 110 млрд теңге көлемінде инвестиция құйып жатыр. Құрылыс кезеңінде мұнда 300-ге тарта жұмыс орны ашылады. Станция іске қосылғаннан кейін 30 адам тұрақты жұмыс істейді.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «жасыл экономикаға» өту аясында энергияның баламалы және қалпына келтіріліп жатқан түрлерін өндіру жұмыстарын дамыту міндетін қойды. Аталмыш тапсырманы орындау аясында біздің өңірде үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осындай қуатты жел электр стансасының құрылысы — Ақтөбе облысы үшін маңызды оқиға. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызы зор ERG, «Қазхром» компанияларының қарқынды дамып жатқанын көру қуантады», — деді облыс әкімі Оңдасын Оразалин капсула қалау салтанатында.

ERG директорлары кеңесінің төрағасы Александр Машкевич: «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2060 жылы Қазақстан көміртегі нейтралитетіне қол жеткізуі керек екенін айтты. Біз бұл бастаманы толық қолдаймыз. Мен Дөң тау-кен байыту комбинатын жел электр қуатына көшіре отырып, біз ұтымды бастамаға нық қадам жасап отырғанымызға шын жүрегіммен сенемін. Кейін бұл сәтті кейсті ERG-дің өзге де кәсіпорындарында тыңғылықты қайталай аламыз деген үміт бар. Біздің жел электр стансасын салу тәжірибеміз Қазақстанның өзге де ірі кәсіпорындарына үлгі болса, түпкі ұмтылыс — көміртегіне бейтарап мемлекет болу мақсатына барынша жақындаймыз», — деп атап өтті.

Бұдан бөлек, облыс әкімі Хромтау ауданында ERG-дің тағы бір стратегиялық маңызды жобасы — «Қазақстан Тәуелсіздігінің онжылдығы» шахтасының 2-ші кезеңінің құрылысымен танысты. Шахтаның жаңа кезеңі хром кенінің өндіріс көлемін жылына 7,5 миллион тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Сәйкесінше, орта және ұзақмерзімді перспективада ферроқорытпа зауыттарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді.

Мұнда дәстүрлі өнімділігі төмен игеру тәсілдерін жаңасына алмастыру көзделген. «Қазақстан Тәуелсіздігінің онжылдығы» атындағы шахтаның 2-ші кезеңін іске қосу нәтижесінде мың жұмыс орны ашылады. Құйылған инвестиция көлемі — 877,6 млрд теңгеден асады» делінген.



**Қобда және Хромтау аудандары туралы арнайы беттерді әзірлеген Гүлнара Қараша.**

## Graduate 2022




Биыл Zhubanov University жоғары оқу орнын 4 Ph.D., 490 магистр, 4007 бакалавр және 234 колледж студенті тәмамдады.

# 4 ТІЛДЕ ЕРКІН СӨЙЛЕЙМІН

Университетті биыл аяқтап, «Биология» мамандығын меңгеріп шықтым. Енді осында «Шет тілі: 2 шет тілі» мамандығы бойынша магистратураға құжат тапсырдым. Мақсатым — шетел тілінің кәсіби маманы болу. Қазірдің өзінде 4 тілде: қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде еркін сөйлеймін. Тіл білу маған бүкіл әлемге жол ашатын мүмкіндік.

Мектеп жасымда 7 класқа дейін ағылшын тілі пәнін үздік бағаға оқып жүрдім. Қосымша курсқа бармадым. Себебі сабақ онсыз да қызықты өткізілетін. Бірақ уақыт өте бұл пәннен мектепте берілетін білім жеткіліксіз көрінді.

Ата-анама курсқа жазуларын өтіндім. 8 кластан бастап “Darina” тілдік мектебінде 5 жыл бойы оқып, ағылшын тілінің толық курсын бітіріп шықтым. Ағылшын тілін меңгеруім қазіргі ең негізгі жетістіктерімнің бірі деп есептеймін.

Ал түрік тілі кішкентайымнан, әжеммен бірге түрік сериалдарын көріп отырып, “Мына тіл қазақшаға ұқсас екен, үйренгім келеді” дейтін, ерекше жақсы көретін тілім. Университет қабырғасында топ кураторымыз "Түрік тілі" курсы жайында хабарлаған кезде бірден жазылдым. 1 курста 4 ай бойы курсқа қатысып, тілді үйрендім. Бұл тілді үйрену мен үшін өте оңай болды, оның да бірнеше себептері бар. Ең алдымен, бізбен бірге жұмыс жасаған, бізге ынтамен сабақ берген Рахман Оксуз ұстазымызға рақмет айтамын. Менің түрік тіліне деген қызығушылығымды одан сайын арттырған, тілді оңай әрі жеңіл жеткізген осы кісі. Осы күнге дейін Рахман ходжаммен, топтағы досқарыммен хабарласып, кездесіп тұрамыз.

Бұл курсты бітірген соң, академиялық ұтқырлық бағдарламасының түрік тілі бағытымен 50% жеңілдік ұтып алдым. Сол бойынша Түркия мемлекетінің астанасы Анкара қаласында орналасқан Хаджеттепе университетінде оқып келдім. Бұл университет Түркиядағы ТОР университеттің бірі.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы маған керемет мүмкіндіктер берді: ел-жер көрдім, адамдармен таныстым, жаңа достар таптым, білімімді шыңдадым және ең бастысы түрік тілін тереңірек үйрендім.

Осылайша шетел тілдерін үйрену менің өмірімде балалық қызығушылықтан басталып, әрі қарай алдағы арман-мақсаттарыма жеткізер алтын көпірге айналды.

Шетел тілдерін жетік білуімнің арқасында Ақтөбедегі алдыңғы қатарлы оқу орталықтарының бірегейі “Happy English”-те түрік, ағылшын тілі мұғалімі болып істеп жүрмін. Осы ретте ешқашан пейілімді қайтармай, жүрек қалауыма әрдайым қолдау көрсетіп, сабағымды қадағалап, тіл курстарына апарған, Түркия сапары алдында іштей қобалжып, мен үшін уайымдаса да болашағыма себепкер болар деген ата-анама алғысым шексіз. Қазір олар да мен үшін өте қуанышты.

Тіл үйренуде әркімнің қабілеті әртүрлі. Дегенмен тіл үйретушінің еңбегіне адалдығы мен ықыласы соңғы орында емес. Сондықтан алдыма келген тіл үйренушіге бар ынтамды салып, үйретуге тырысамын. Бар білімімді сарқи жұмсаймын. Кейде Рахман ходжамның сабақтарын еске алып, сол кісі секілді сабақ жүргіземін. Сабақ беру, тіл үйрету оңай емес, бірақ мен барымды салып, жақсы маман болуға тырысып жүрмін.

Әрине, осы тілдермен тоқталмаймын, алдағы уақытта еуропа тілдерімен жақын танысқым келеді, испан, итальян және француз тілдері ерекше ұнайды.

Көп тіл білген жастың алар белесі биік.

Әдетте тіл жөнінде, тіл — адамдардың қарым-қатынас жасау құралы деп жай ғана айтылғанмен, іс жүзінде одан да маңызды, бір ұлттың тілін білу арқылы оның ұлттық сана-сезімін, халықтық қасиетін, жалпы тарихын, әдет-ғұрпын, мәдениетін ұғуға, тануға болады.

Көп тілділік адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне оң әсер етері ақиқат.

Еуропада жастардың бірнеше тілде еркін сөйлеуі қалыпты жағдай. Бізде де сондай дәрежеге жету үшін менің замандастарым шетел тілін меңгеру заман талабы екенін түсінуі қажет.

**Самал Болатқызы**
**Zhubanov University**
**“Биология” мамандығының**
**2022 жылғы түлегі.**

## Scientific research

# МОНОГРАФИЯ НА ВАЖНУЮ ТЕМУ

Вышла в свет научная монография под названием «Введение в образовательные исследования: теория, методы и практики», одним из авторов которой является ректор Zhubanov University Лаура Карабасова.

«Важно понимать, что проведение исследований в образовании – это не прерогатива только профессоров или научных работников, как правильно указывают авторы монографии «Введение в образовательные исследования: теория, методы и практики», а важная часть работы учителей-практиков. Например, Action Research постепенно становится неотъемлемой частью исследовательской деятельности ведущих школьных учителей. Рефлексия, изучение собственной практики приводит к улучшению качества преподавания. В этом смысле данная монография станет большим подспорьем не только для специалистов, профессионально занимающихся исследованиями, но будет интересной и для широкого круга читателей, интересующихся вопросами образования. Поздравляю авторов монографии и желаю новых творческих свершений!», — написал отзыв о труде министр просвещения РК Асхат Аймагамбетов.

**https://gse.nu.edu.kz**



☑ Priority - quality



# Басты құндылық – білім

**Биыл Қазақстанда 171 мыңнан аса түлек үшін соңғы қоңырау соғылды. Олар мектептегі қорытынды емтихандардан, одан кейін ҰБТ сынағынан өтті. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің хабарлауынша мектеп бітірушілердің 80 мыңға жуығы ғана «Гранттарды тағайындау» конкурсына қатысу үшін құжат тапсырған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 мыңға артық екен. Дегенмен ақылы негізде оқып жатқан, сондай-ақ ақылы оқуды қалаған талапкерлер аз емес. Олар үшін оқу ақысы көлемінің тұрақтылығы маңызды. Осы өзекті мәселеге орай Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова Facebook әлеуметтік парақшасында толық түсініктеме берді.**

«Соңғы күндері оқу ақысына қатысты сұрақтар көбейді. Оқу ақысы өспейді! Zhubanov University өңірлік университетіне ақылы негізде түсуді ойлап жүрген талапкерлерге оқу ақысы биыл өзгермейтінін хабарлаймыз.

Бағаны көтерудің негізгі себептері мен қажеттілігі болғанымен, халықтың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, университеттің Директорлар кеңесінен былтырғы бағаны сақтап қалуды сұрадық.

Ақылы бөлімде білім алу туралы кейбір жаңсақ пікірлерге де тоқтала кетсек. Оқу жылының соңында үлгерімі нашар, сабаққа қатыспаған студенттерді жазғы семестрге қалдыру немесе оқудан шығару туралы шешім қабылданды. Сол кезде кейбір ата-анадан «Ақылы негізде оқитын студент неге оқудан шығарылады?!» деген сауал түсті.

Мұның артында «Сен — сатушы, мен — сатып алушымын» принципі тұрғаны түсінікті. Алайда, университет диплом сатпайды, білім беру қызметін ұсынады. Студенттің бәрі бірдей, оларға қойылатын талап пен бағалау да бірдей. Грантта не ақылы оқитынына қарамастан, сабаққа келмеген студентке ережеге сай оқудан шығаруға дейін қатаң шара қолданылуы әбден мүмкін.

Жоғары білім беру саласында осы секілді қате ой-пікірлер кездесіп жатады. Басты құндылық — білім екенін ұмытпайық», — делінген ректор жазбасында.

**Гүлнара Дауылбайқызы**


Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

E-mail: gazetaZhU@mail.ru
Сайт: http://zhubanov.edu.kz

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды